

«6D060700 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Амирханова Жанерке Талгатқызының «Лактобактериялардың биологиялық қасиеттеріне тағамдық талшықтардың әсерін зерттеу» докторандығы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№ п/п	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауп нұскаларының бірі таңдалуы керек)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1. Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына («Өмір және денсаулық туралы ғылым») сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ғылыми жобаларға қатысты емес.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымның дамуына, атап айтқанда микробиологияға саласына айтарлықтай үлес косатыны сөзсіз, тақырыптың өзектілігі ашылған, алынған мәліметтердің маңыздылығы жоғары, себебі жұмыстың зерттеулері белсенді биологиялық қасиеттері бар лактобактериялардың жаңа изоляттарын алуға, одан әрі өнеркәсіптік пайдалану үшін базалық коллекция жасауга мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Автордың өзі жазу деңгейі жоғары.

	<table border="1"> <tr><td>1) жоғары;</td></tr> <tr><td>2) орташа;</td></tr> <tr><td>3) төмен;</td></tr> <tr><td>4) өзі жазбаған</td></tr> </table>	1) жоғары;	2) орташа;	3) төмен;	4) өзі жазбаған	<p>Диссертацияның авторы өз бетінше эксперименттердің дизайнын ұсынды, Қарағанды облысының аумағында өндірілетін этноөнімдерден изолят дақылдарын іріктеу үшін сұтқышқылды өнімдерді аудандардан тасымалдады, бөлініп алынған изоляттарды <i>Score values</i> мәніне сәйкес MALDI-TOF-та идентификациялау жүргізді, алынған нәтижелер идентификациялаудың дәлдігін күәландырады, бөлініп алынған изоляттардың өсуіне әсерін бағалады, алынған нәтижелерді "Нәтиже" Сүт Фабрикасы" ЖШС өндірісіне және оку процесіне енгізді.</p>
1) жоғары;						
2) орташа;						
3) төмен;						
4) өзі жазбаған						
4.	<p>Ішкі бірлік принципі</p> <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <table border="1"> <tr><td>1) негізделген;</td></tr> <tr><td>2) жартылай негізделген;</td></tr> <tr><td>3) негізделмеген.</td></tr> </table>	1) негізделген;	2) жартылай негізделген;	3) негізделмеген.	<p>Диссертациялық зерттеудің өзектілігі негізделген. Қазақстан Республикасының нарығында тағамдық талшық қосылған сұтқышқылды өнімдер жеткілікті, дегенмен штаммдардың көпшілігі шеттен әкелінген, сондықтан да жергілікті штаммдарды қолдану мүмкіншіліктерін белсендіруді қажет етеді, яғни жергілікті дәстүрлі тәсілмен дайындалған этно сұтқышқылды өнімдерден биологиялық қасиеттері бойынша белсенді, генетикалық тұрақты бастапқы (стартерлік) дақылдарды іздеуді талап етеді. Жұмыста автор лактобактериялардың өсімін жоғарлататын және патогендік микрофлораға антагонизмді</p>	
1) негізделген;						
2) жартылай негізделген;						
3) негізделмеген.						

		<p>көрсететін биопленка түзуші қасиеттері үшін сұтқышқылды таяқшаларды таңдауды ұсынады, яғни олардың негізіндегі өнімдер диеталық және пробиотикалық өнімдер ретінде пайдаланылуы мүмкін.</p>
	<p>4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды</p> <p>1) айқындаиды;</p> <p>2) жартылай айқындаиды;</p> <p>3) айқындаамайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындаиды. Еш күмән жоқ.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеу мақсатына жету үшін құрылған міндеттер логикалық түрғыдан дұрыс.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның бөлімдері бір-бірімен толығымен логикалық байланысты. Бірінші бөлімде сұтқышқылды таяқшалардың пробиотикалық қасиеттеріне егжей-тегжейлі талдау жасалған, оның ішінде адгезиялық және биоулір түзетін қасиеттерге ерекше назар аударылған. Тағамдық талшықтардың ерекшеліктері, тағамдық талшықтарды қосу арқылы лактобактериялардың өсім беру шарттары және тағамдық талшықтардың лактобактериялардың биологиялық қасиеттеріне әсері қарастырылған. Екінші бөлімде әдістемелік база толығымен сипатталған, таңдалған әдістер мақсат пен міндеттерді шешу үшін негізделген. Зерттеу</p>

			нәтижелері мен алынған тұжырымдар ғылыми эксперименттермен негізделген, дәлелденіп, нақтыланған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1)сыни талдау бар; 2)талдау жартылай жүргізілген; 3)талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертант жаңа шешімдер ұсынған, жаңа шешімдер ғылыми негізде дәлелденіп, нақтыланған, сынни талдау бар, авторлық пікір өзге зерттеушілердің көзқарастарымен жүйеленіп ұсынылған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (<u>25-75%</u> жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (<u>25%</u> кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жартылай жаңа (75%). Сүтқышқылды бактерияларының тиімді штаммдарын іздеу және олардың биологиялық қасиеттерін бағалау микробиология саласында классикалық және кең таралған зерделеулер. Диссертанттың зерттеу жұмыстарының ғылыми деңгейі мен алынған нәтижелердің ғылыми дәрежесі өте жоғары деп есептеймін. Автор Қарағанды облысының әртүрлі аймақтарынан дәстүрлі тәсілмен жасалған сүтқышқылды өнімдерден лактобактерия изоляттарын іріктең алды, алынған деректердің негізінде пробиотикалық дақылдар атласы құрылды. Тағамдық талшықтар (1,5% инулин, 1% пектин, 15% зығыр клетчаткасы, 10% зығыр тұқымы) сүтқышқылды таяқшалардың өсуін таңдамалы түрде ынталандыратыны анықталды. Сүтқышқылды таяқшаларының коллекциялық

дақылдарын тағамдық талшықтармен толықтырылған ферментативтік ортада сактаудың жаңа тәсілі ұсынылды. Лазерлік түсіру микродиссекциясы арқылы биоулбірдегі лактобактерия жасушаларының морфологиясы зерттелді (пайдалы модельге патент N 8042 алынған). Атомдық күштік микроскопындағы зерттеулер 15% зығыр талшығы қосылған модификацияланған ортада дақылдандырылған және зығыр талшығы қосылмаған ортада дақылдандырылған биоулбірдегі лактобактерия жасушаларының кедірбұдырылығы әртүрлі болатындығын зерттеу нәтижелерінде көрсетті.

5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылама?

- 1) тоғызымен жаңа;
- 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);
- 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)

Диссертацияның қорытындылары жартылай жаңа (75%) болып табылады және ұсынылған нәтижелерге сәйкес келеді.

Қорытынды 1 - Қарағанды облысының әртүрлі аймактарынан дәстүрлі тәсілмен жасалған сүтқышқылды өнімдерден бөлініп алынған сүтқышқылды таяқшалардың морфологиялық, дақылдық, биохимиялық қасиеттерін зерттеуге арналған. Сүтқышқылды таяқша изоляттарына идентификациялау жүргізген. Алынған нәтижелердің бірегейлігі сүтқышқылды таяқшалардың жаңа изоляттары бөлініп алынды және олардың экзополисахарид синтездеуге кабілетті түрлері іріктелді.

Қалған қорытындылар жаңа болып табылады, атап айтқанда, биоубірді түзу тиімділігі

			<p>бойынша изолят әртүрлі тығыздықты қалыптастырығаны анықталды. Биоұлбірдегі лактобактериялардың микро- және макроколонияларының морфологиясы алғаш рет лазерлік түсіру микродисекцияда зерттелді. Ерімейтін тағамдық талшықтарға сутқышқылды изоляттардың аутоагрегациялануын (зығыр клетчаткасы) және когезиялануын (зығыр тұқымының экзогендік шырышы) лазерлік түсіру микродисекцияда зерттелгенде дәлелденді. Агрегация және когезия процестері сутқышқылды таяқшалардың метаболизміне әсер етеді және оларды коректік ортаның төменгі pH мәндеріне төзімділігін арттыратыны айқындалды. Тағамдық талшықтардың (тәжірибе) әсерінен изоляттардың адгезиялық қасиеттерінің жоғарлауы және тағамдық талшықтар коректік ортаның құрамына қосылған кезде сутқышқылды дақылдардың сақталу мерзімі ұзартылатыны анықталды. Атомдық күштік микроскопындағы зерттеулер 15% зығыр талшығы қосылған модификацияланған ортада дақылдандырылған және зығыр талшығы қосылмаған ортада дақылдандырылған биоұлбірдегі лактобактерия жасушаларының кедір-бұдырлығы әртүрлі болатындығын көрсетті.</p>	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе Зерттеу нәтижелерінің практикалық

		<p>басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (<u>25-75%</u> жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>күндылығы жартылай жаңа (75%), алынған нәтижелер «Қарағанды медицина университетінің» КеАҚ биомедицина кафедрасының оқу процесіне және «Академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университетінің КеАҚ зоология кафедрасының оқу процесіне енгізілді, 1 өндіріске енгізу актісі (ТОО «Нәтиже» Сұт Фабрикасы), 4 авторлық құқықпен коргалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы қуәлікпен, 1 пайдалы модель патентімен расталған.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (<i>qualitative research</i> және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық зерттеудің барлық негізгі қорытындылары ғылыми-дәйекті дәлелдемелермен негізделген, және олардың сенімділігі статистикалық деректермен расталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Корғауға ұсынылған барлық қағидаттар дәлелденген.</p> <p>Корғауға ұсынылған барлық қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>Корғауға ұсынылған барлық қағидаттар жаңа болып табылады.</p> <p>Қолдану деңгейі кең болып табылады, өйткені алынған деректер ауқымы арнайы ғылыми зертханаларға ғана емес, сонымен қатар, емдік қасиеттері бар сұтқышқылды өнімдерін</p>

		<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>шығаратын өндіруші компанияларға да қатысты.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны баспадан шықкан 9 ғылыми еңбектерде көрсетілген, соның ішінде 2 мақала Scopus базасындағы халықаралық журналда; 3 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғарғы білім саласын бақылау комитеті ұсынған басылымдарда және ғылыми-практикалық конференцияда жарияланды.</p>
8.	Дәйектілік принципі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған	Әдістемені таңдау негізделген және жеткілікті нақты сипатталған. Диссертациялық зерттеуде микробиологиялық зерттеу әдістері қолданылады: бактериологиялық әдіс, сериялық сүйилту әдісі, <i>O'Toole әдіси</i> , зертханалық робот <i>TecanEVolizer100 (Tecan)</i> , <i>MALDI-TOF</i> масс-спектрометрия әдісі, қайтымсыз антагонизм әдісі, лазерлік түсіру микродиссекция әдісі, тіршілікке қабілеттілігін зерттеу (Кох әдісі), адгезиялық белседілігін анықтау (буккальді эпителіоциттерді қолдану), атомдық-күштік микроскопия көмегімен микродакылдандыру әдісі.
	Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі	1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:
		1) ия;	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған, олардың сипаттамасы

		<p>2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>библиографиялық сілтемелермен сәйкес жұмыста көрсетілген.</p> <p>Зерттеуден алынған мәліметтерді өндөу MS Offis Excel 2010 және Statistica версия 8.0. бағдарламасы арқылы жүзеге асқан. Нәтижелер орташа арифметикалық және оның стандартты қателігі ($M\pm m$) түрінде ұсынылған. Бақылау мен ұлгілер арасындағы әртүрлі мәндерді талдау үшін Стьюоденттің t-критерийі қолданылған, айырмашылықтар $p < 0,05$ кезінде статистикалық маңызды деп саналған. Зерттеудің деректерін статистикалық өндөу және оларды интерпритациялау үшін Пирсонның корреляция коэффициенті, Спирменнің рангтік корреляциясы, Даннет критерийі, регрессия тендеуі қолданылған.</p> <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Нәтижелердің сенімділігі статистикалық көрсеткіштермен расталған.</p> <p>Маңызды мәлімдемелер накты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста 272 ғылыми әдебиет көзі (отандық және шетел)</p>
--	--	--	---

			қолданылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок	Диссертацияның теориялық маңызы бар, оның нәтижелерін оқу процесінде биолог мамандарды даярлаудың барлық деңгейлерінде және жоғарғы оқу орнынан кейінгі деңгейдегі қосымша кәсіби білім беру циклдерінде пайдалануға болады. Зерттеу нәтижелері казак және орыс тілдерінде екі әдістемелік нұсқауда көлтірілген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелері ЖСШ «Нәтиже» Сүт Фабрикасы» өндірісіне және КеАҚ «ҚМУ» биомедицина кафедрасының және «Академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университетінің» зоология кафедрасының оқу процесіне енгізілген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, алынған деректердің негізінде пробиотикалық дақылдар атласы құрылды, сүтқышқылды таяқшаларының коллекциялық дақылдарын тағамдық талшықтармен толықтырылған ферментативтік ортада сақтаудың жаңа тәсілі ұсынылды, зерттеуді орындау барысында лактобактерия морфологиясын және олардың биоулір түзуші қасиеттерін лазерлік түсіру микродиссекцияда зерттеу кезінде сынама дайындаудың жаңа тәсілі әзірленді.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы жоғары. Автор диссертациялық жұмысты жүйелі, түсінікті, ғылыми тілмен жазған.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен	

Шешім: Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапанды қамтамасыз ету Комитетінің алдында Амирханова Жанерке Талгатқызына «6D060700 – Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

Ресми рецензент:

PhD, аға ғылыми қызметкер

Микробиом зертханасы,

Әмір туралы ғылымдар орталығы,

"National Laboratory Astana" АҚМ,

Назарбаев университеті



Л. Е. Чуленбаева